

Хаттама  
№2

13.11.2020

Ақтөбе

Төрағасы: мектеп-балабақша директоры Э.Аймаганбетова

Хатшысы: Ф.Камалова

Қатысқандар: психикалық дамуы тежелген балаларға арналған облыстық арнайы түзету мектеп-балабақша ұжымы

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимылды одан әрі жетілдіру.

Күн тәртібі сұрағы бойынша сөз сөйлегендер.

Мектеп-балабақша директоры Э.Аймаганбетова.

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты халыққа жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Баяндамашыға сұрақтар беріліп, оның барлығына да толық жауап қайтарылды.

Қабылданған қаулы:

1. Ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимылды одан әрі жетілдіру, жемқорлықтың алдын алу жұмысын жүзеге асыру.

Хатшы

*Ф.Камалова*

Камалова Ф.Б.